



28 қаңтар, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

«БІЗГЕ «СЕМІЗ» ЦИФРЛАР ҚАЖЕТ ЕМЕС»

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысын өткізді. Жиында Премьер-Министр Асқар Мамин, Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев, Президент Әкімшілігінің Басшысы Ерлан Қошанов, Үкімет мүшелері, облыстардың және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері, орталық мемлекеттік органдардың және ұлттық компаниялардың басшылары қатысты.

Мемлекет басшысы өз сөзінде Үкіметтің басты міндеті экономикалық өсімді қалпына келтіру, инвестиция тарту және қазақстандықтардың табысын арттыру екенін атап өтті. Президент пандемия мен шектеу шараларынан, сондай-ақ, сауда байланыстарының үзілуінен айтарлықтай зардап шеккен шағын және орта бизнесті қолдаудың маңыздылығына назар аударды.

– Биыл шағын және орта бизнеске қолдау көрсету ең басты назарда болуға тиіс. Үкіметке «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, бір айдың ішінде осыған қажетті іс-шаралар топтамасын әзірлеуді тапсырамын. «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы – халықты жұмыспен қамтудың негізгі құралы. Оның «Бастау-бизнес» бағыты бойынша 150 мыңнан астам адам оқып шықты. Бірақ тек 10 проценті несиеге, 19%-і грантка ие болды. 100 мыңнан астам адам мемлекет қолдауынан тыс қалды. Әсіресе, бағдарламаның ауылдағы түлектеріне қаржы жетпей жатыр. Сондықтан бағдарламаның қаржы көлемін ғана емес, оны жүзеге асыру ұстанымдары мен тетіктерін қайта қарауымыз керек. Халыққа берілетін шағын несиелердің ставкасы 6%-тен аспауға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет мүшелері мен әкімдердің сатып алудағы жергілікті өнімдердің

үлесін арттыру бойынша жүргізілген жұмыстарын сынға алды. Былтыр 9 айда тауарға, жұмысқа және қызмет көрсетуге қатысты сатып алуларды реттеудің жалпы көлемі 12,5 триллион теңгені құрады. Жергілікті тауарлар мен қызмет көрсетуге бар болғаны 6,4 триллион теңге немесе қаржының 52%-і бөлінген. Экономикаға аталған қаражаттың жартысына жуығы жұмсалмаған.

– Бюджеттің триллиондаған қаржысын импортқа жұмсауға қаржымыз жоқ. Сондықтан бюджеттің әкімшілері тікелей жауап беретін болады. Бұл орайда бізге «семіз» цифрлар қажет емес. Маңыздысы – дұрыс есептеу. Қазақстанда тіркелген заңды тұлғаның көз келген өнімі жиі есепке алынатыны туралы ақпарат бар. Ол өзінің тауарын жеткізе ме, әлде импорттан әкеле ме, оны бақылап отыраған ешкім жоқ. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне берілген цифрларды бекітілген әдістемеге сәйкес қайта тексеруді тапсырамын, – деді Президент.

Халықты жұмыспен қамту мәселесі бойынша да берілген есеп пен жасалған жұмыстардың арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Жұмыспен қамтудың жол картасын жүзеге асыруға 1 триллион теңге бөлінді. Бұл қаржының 98,2 проценті игерілген. Бағдарлама халықты жұмыспен қамтуда және іскерлік



белсенділікті қолдауда маңызды рөл атқарды. Бірақ ондаған, жүздеген мың жұмыс орындарының ашылғаны туралы мәліметті тексеру кезінде айырмашылық бар екені анықталды.

– Азаматтарды қағаз жүзінде ғана жұмысқа орналастыру белең алып отыр. Бірыңғай ақпараттық жүйеге бір адам туралы мәлімет қайта-қайта енгізіледі. Дәл осындай 15 мың жағдай тіркелген. Жұмысқа орналасты деген адамдардың үштен бірі зейнетақы қорына қаржы аудармаған болып шықты. Мұндай жағдай, әсіресе, Түркістан (79%), Қызылорда (43%) және Жамбыл облыстарында (36%) анықталып отыр. Жалпы, еңбекпен

қамтылғандардың 40%-ке жуығы «көленкеде» қалып қойған. Жұмыспен қамтудың жол картасына бөлінген 1 триллионнан небәрі 5,5 миллиард теңге салық төленген. Бұл – жарты-ақ процент деген сөз! Мемлекеттік кіріске жауапты органдар мәселені қатаң бақылауға алуы керек. Қажет болса, құқық қорғау органдарын да осы жұмысқа тартамыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке салықтық-бюджеттік саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді тапсырды. Былтыр салық және кеден саласынан түскен қаржының кіріс көлемі 47%-ке қысқарған. Әйтсе де, алдыңғы

жылы бұл көрсеткіш 65%-ке жеткен. Кедендік төлемдердің жинақтық деңгейі төмен екені байқалады. Тек Қытаймен арадағы шекарада 50 мыңға жуық жалған декларация толтырылғаны туралы дерек анықталды. Қытаймен арадағы ашық статистика бойынша айырмашылық 5 миллиард доллардан астам қаржыны құрайды.

Президент жалған кәсіпорындар мен әдейі салық төлемейтіндерге қарсы жұмысты жүйелі түрде күшейтуді талап етті. Ресми бағалаулар бойынша ішкі жалпы өнімнің төрттен біріне, ал Дүниежүзілік банктің деректері бойынша 40%-ке жуығы «көленкелі» аймақта екен. «Көленкелі» экономикаға қарсы күрес жөніндегі шараларды жүзеге асыру үшін экономикалық қылмыстармен күрес агенттігі құрылады.

– Орталық мемлекеттік органдар басшыларының автопаркін ұстап тұру үшін айтарлықтай бюджет қаражаты жұмсалады. Бір ғана автомобиль үшін орташа есеппен жылына 6 миллион теңгеден астам қаржы шығындалады. Бірқатар елде жеке қызметтік көліктегі орнына ақшалай өтемақы төлеу тәжірибесі енгізілген. Бұл тәжірибе біздің елде де, нақты айтқанда, елорда әкімдігінде қолданылған. Мұндай әдіс «Самурық-Қазына» қорында апробациядан сәтті өтті. Бұл қызметтік көліктердің санын едәуір қысқартуға және әкімшілік шығындарды 1,5 миллиард теңге көлемінде азайтуға мүмкіндік берді. Үкіметке Президенттің Іс Басқармасымен бірлесіп, мемлекеттік органдардың басшылары қызметтік көліктермен қамтамасыз етудің жаңа жобасы бойынша ұсыныстар енгізуді тапсырамын. Бұл жұмыс нақты қысқартуды қажет етеді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Премьер-Министрдің жаңадан тағайындалған орынбасары – Сыртқы істер министріне ақпан айының соңына дейін инвестицияларды басқару жүйесін реформалау жөнінде нақты ұсыныстар енгізуді тапсырды. Әрбір еркін экономикалық аймақтардың лайықтылығына талдау жасап, олардың жаңа жұмыс модельдерін әзірлеу қажет.

– Өздерінің Арнайы экономикалық аймақтарын нақты дамытумен айналыспайтын әкімдердің жағдайы қыл үстінде тұрғанын атап өткім келеді. Біз ондай аймақтарды жабамыз және оларға бюджет қаржысын шығындамаймыз. Біз бұл проблеманы тез арада шешуіміз керек. Экономиканы қайта қалпына келтірудегі инвестицияның екінші көзі – банктердің несиелері және қор нарығы. Бірақ ол да ақсап тұр. Инфляцияның орнықты төмендеуі, инфляция мен девальвацияның тұрақтануы – ақша-кредит саясатын жұмсартудың маңызды шарты. Сондықтан Үкімет пен Ұлттық банк инфляцияның 2021-2022 жылдары 4-6 процентке қайтарып, 2025 жылы 3-4%-ке дейін төмендетуі керек. Қаржы секторының орнықтылығы – экономиканы дамытудың анықтаушы факторы, – деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету аса маңызды міндет болып отыр. Әткен жылы халықтың табысы азайған кезде азық-түлік бағасы арзандай түсудің орнына, керісінше, қымбаттаған. Мемлекеттік органдар тарапынан бағаларды ұстап тұру, оның ішінде сауда желілерін жеңілдікпен несиеге және сауда үстемелерін орнату сияқты қабылданған шаралар оң нәтиже берген жоқ. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасы 11%-ке өсті. Оның жалпы инфляцияға қосқан үлесі

60%-тен асты. Үкімет жоғарыда аталған мәселелерді шешу барысында нарық тетіктерін негізге ала отырып, іс-жұмыс жиынтығын әзірлеуі тиіс.

Сонымен қатар Президент Жер кодексінің кейбір нормаларына жарияланған мораторийдің биыл аяқталатынына назар аударды. Осыған байланысты Үкіметке Жер комиссиясының жұмысын қайта жандандыруды және қараша айына дейін түзетулерді қабылдауды тапсырды. Ұсыныстар байыппен талқыланып, нақты шешім қабылдануы тиіс.

– Жайылымдар мәселесіне арнайы тоқталғым келеді. Бұл жерлер, ең алдымен, ауыл тұрғындарына қолжетімді болуы керек. Жергілікті әкімдер жерге жұмыс дұрыс ұйымдастырмай отыр. Соның салдарынан ауыл тұрғындары мал жаятын жайылым таппай қиналуда. Әсіресе, Алматы, Түркістан облыстарынан арыз-шағымдар көп түсуде. Жайылымдардың 99 проценті шаруа қожалықтарының иелігінде. Алайда, оның 36 процентінде ғана мал жайылады. Қалған 46 миллион гектар жайылымдық жер бос жатыр. Үкіметке бас прокуратурамен бірлесіп, биылғы жылдың соңына дейін осындай жайылымдарды қайтарып алуға тапсырамын. Оны ауыл тұрғындарының игілігіне берген жөн, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент су ресурстарын сақтап, тиімді пайдалануды ұлттық қауіпсіздік пен орнықты дамудың кепілі екенін айтты. Осыған орай мемлекеттік органдардың алдында су ресурстарын басқару жөніндегі ұлттық жобаны қабылдап, қаржыландыруды жеделдету міндеті тұр. Экология мәселесі Үкімет пен қоғамның ұдайы бақылауында болуы керек.

2-бет

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Кәрібозұлымен кездесті. Жүздесу барысында аймақ басшысы сөз өнері мен руханияттың дамуына елеулі үлес қосып жүрген Бағдат Кәрібозұлына құрмет білдірді деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Келелі кездесу



– Сіздің жас ұрпақ тәрбиелеу ісіндегі еңбегіңіз – өз алдына бір бөлес. Қырық жылға жуық өңірміздегі іргелі оқу орнында қызмет етіп, сонымен бірге Қорқыттануға, өлкетануға байланысты қыруар жұмыстарды атқардыңыз. Шығыс халқына ортақ құнды мұралардан бастап, әдебиет әлемінің бүгінгі есімдеріне дейінгі аралықты қамтыған 200 томдық «Сырдария кітапханасының» жауапты редакторы болып, жергілікті қаламгерлер шығармаларының жарыққа шығуына атсалыстыңыз. Ел ішіндегі фольклорлық мұраларды жинақтап, ұрпағымыздың төл тарихын тануына да өлшеусіз еңбек сіңіріп келесіз, – деді облыс әкімі.

Өз кезегінде Бағдат Кәрібозұлы кездесуге шақырып, илтипат танытқан облыс әкіміне ризашылығын білдіріп, рухани-мәдени бағыттағы келелі ұсыныстарын жеткізіп, ой бөлісті. Атап айтсақ, саңлақ жырау Базар Оңдасұлының 180 жылдық мерейтойын облыс деңгейінде атап өту және Қырымбек Елеуұлының қолдауымен басталған «Сыр өңірінің фольклорлық антологиясы» жобасына сай жинақ шығаруды ұсынды.

Облыс әкімі Сыр елінің рухани-мәдени кеңістігінде мол мұра ретінде қалатын жинақ шығару ісін қолдайтынын және айтылған ұсыныстарға ерекше мән берілетінін айтып, бірлесіп жұмыс істеуге дайын екендігін жеткізді. Еске салайық, Б.Кәрібозұлының басшылығымен университеттің бір топ ғалымдары Қорқыттану бағытында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, 2019 жылы «Қорқыт ата туралы аңыздар мен әңгімелер» хрестоматиялық жинағы шығарылды. «Менің Отаным-Қазақстан» сериясы бойынша «Қазалы», «Қызылорда», «Сырдария», «Жаңақорған», «Қармақшы», «Жотан үшін от кешкендер» кітаптары жарық көрді.

Үлкеннің өнегесі – жастарға үлгі



Облыс әкімдігінде облыстық ардагерлер кеңесінің жекешті пленумы өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет, қала, аудан әкімдерінің орынбасарлары, тұрақты комиссия мүшелері, ардагерлер қатысты.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Жиынды облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев жүргізіп, ұйымның өткен жылғы атқарған жұмыстарын саралап, алдағы міндеттерді айтып берді.

Бүгінгі күні облыс бойынша 74080 ардагер есепке алынған. Кеңес төрағасы жыл сайын зейнетке шығып жатқан азаматтардың санын әлі де нақтылау керектігін айтты. Қала, аудандық ардагерлер ұйымы осы жұмысты қолға алып, зейнетке шыққан азамат міндетті түрде жергілікті ардагерлер кеңесінің есебінде болуы тиіс екенін жеткізді.

Былтыр еліміз үшін маңызды жыл болды. Абай Құнанбайұлының – 175, Әбу Насыр әл Фарабидің – 1150 және Ұлы Жеңістің 75 жылдығы аталып өтті. Ардагерлер кеңесінің бастамасымен түрлі форматта іс-шаралар ұйымдас-

тырылды. Жергілікті сала мамандары ардагерлермен бірлесіп, кездесулер, дөңгелек үстел мен мәдени іс-шаралар іске асырылды. Жиындарда жастарға келелі ой айтылып, маңызды мәселелер талқыланып, ұсыныс-пікірлер ортаға салынды. Жастар ресурстық орталығымен бірлесіп, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында көптеген шараларды жүзеге асырды. Елге қызмет еткен, туған жерінің түлеуіне үлес қосқан азаматтар еңбегі жастар арасында насихатталды.

Аудандық ардагерлер кеңесінің жұмыстары да пысықталып, жылдық жоспары тыңдалды. Кеңес жыл сайын тарихи-мәдени орындарға саяхат ұйымдастыруды дәстүрге айналдырған.

Жиында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы денсаулық сақтау

басқармасы мен аумақтық кәсіп-одақтар бірлестігі облыстық кәсіп-одақтар орталығына ұсыныс айтты. Аға бұын әкімдері ауруханаларда ардагерлерді емдейтін арнайы бөлімше ашылуын, тегін және жеңілдікпен берілетін дәрілердің тізімін БАҚ-та жариялауды, емхана, аурухана ғимаратына іліп қоюды, арнайы жолдамалар беруді мәселе етіп көтерді. Бұдан бөлек, білім, спорт, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына ұсыныстар айтылды. Кеңес төрағасы өз кезегінде, маңызды бастамаларды іске асыруда аға бұынның әрдайым көш басынан табылатынына сенім білдірді.

Бұдан соң кеңестің ұйымдастыру мәселелері қаралып, онда ардагерлер алқасының құрамына өзгерістер енгізіліп, пленум мүшелері сайланды. Сонымен алқа құрамы 11, пленум мүшелері саны 69 адамды құрады.

Пленумда облыстық ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі Ержан Уәйс, Сырдария аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Хайролла Әбенов және Жаңақорған ауданы, Түгіскен ауылы ардагерлер ұйымының төрағасы Молдахмет Ібрагимов ойларын ортаға салып, қарттардың әлеуметтік, тұрмыстық қажеттіліктері мен денсаулық жағдайына қатысты пікір білдірді.

Мұнан әрі облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет сөз алып, аға ұрпақ алдындағы парыз, жастарға үлкендер өнегесін ұлықтау туралы тағылымды ой қозғады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жақында жарық көрген «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы тәуелсіз еліміздің терең тарихын танып-білуге, ұлттық құндылықтарымызды құрметтеуге байыпты бағдар болғанын атады.

Сонымен қатар індетке қарсы екпе егу, жастарды көктемгі әскерге шақыру жұмыстарына ардагерлер қолдау білдіріп, маңызды шараға аймақ тұрғындарын белсенді қатысуға шақыру керектігін айтты.

Сөз соңында облыс әкімінің орынбасары бірқатар басқарма басшыларына тапсырма жүктеді.

● СҰХБАТ

Бір жылды еңсердік. Еңсеріп қана қоймай, құндылықтың төресі – Тәуелсіздіктің 30 жылдығына қадам бастық. Жыл басында жарық көрген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы сол қадамға салмақты ой тастап, бағытымызға бағдарламалық құнды дүние болғанын жасырмауымыз керек.

«Сыр бойы» газеті Президент мақаласын негізге ала отырып және өңірдің тыныс-тіршілігін ой таразысына салуда «Сұхбаттың» ендігі еншісінде қала және аудан әкімдерімен де әңгіме жүргізеді. Біздің бүгінгі пікірлесуіміз Қызылорда қаласының әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен болған еді.



Қаласы бірдің – құндылығы ортақ

– Нұрлыбек Машбекұлы, Ұлы Жібек жолының бойындағы тарихи шаһардың тәуелсіздікпен бірге түлеп келетін жаңа келбеті көптің көз алдында. Сырдың жүрегі жұртының тілегімен, ынтымақ-бірлігімен жасампаздық жолын айқындай алды. Қандай ой қосар едіңіз?

– Биыл еліміз егемендігін алып, еңсе тіктеп, шекарасын шегендеп, Тәуелсіз мемлекет болып танылғанына 30 жыл толады. Осы жылдар ішінде Қазақстанның экономикасы өркендеп, қай саланы сараласақ та даму үдерісі қалыптасты. Тәуелсіздік жылдарында жасампаздықтың жаңа тарихы жазылып, мерей мәртебеміз асқақтай түсті. Осындай толағай табыстарға Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көрген көшбасшылығымен,

халқымыздың парасат-пайымы, қажырлы еңбегімен қол жеткендігін айтуға тиіспіз.

Өзіңіз жақсы білесіз, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы жарыққа шыққаннан ел көңілін елең еткізді. Сол мақалада Президент: «Егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең көсілген байтақ жеріміз, ананың ақ сүтімен бойымызға дарыған қастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз» деп айрықша атап өтті. Міне, осы ұштаған үйлестік тапқан, тамыры терең, баба тарихына бай, жанауылдыққа ұмтылған Қызылорда қаласы да қарыштап дами түсті.

2-бет





"БІЗГЕ "СЕМІЗ" ЦИФРЛАР ҚАЖЕТ ЕМЕС"

– Қоғамдық бақылау құралы ретінде интерактивті карта дайындау қажет. Сол арқылы экология саласында атқарылып жатқан жұмыстардың барысы мен тиімділігін қадағалауға болады. Үкіметке 2021-2025 жылдарға арналған «Жасыл Қазақстан» Ұлттық жобасын әзірлеуді тапсырамын. Әсіресе, қоршаған ортаны қорғау ісіне қажетті барлық көрсеткіштерді цифрландыру – маңызды міндеттердің бірі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қазақстандықтардың баспана мәселесін шешу үшін зейнетақы жинақтарын пайдалану жөніндегі бастамаға да тоқталды. Ендігі кезекте тұрғын үй нарығындағы дүрмек пен бағалардың өсуіне жол бермеу үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Президенттің пікірінше, мемлекеттік органдар тұрғындар мен құрылыс компанияларының басшыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, нарықтағы алып-сатарлық операцияларға шектеу қоюы керек. Үкіметке екі апта ішінде тұрғын үй саясатын жетілдіру бойынша жаңа ұсыныстар топтамасын енгізу жөнінде тапсырма берілді.

Денсаулық сақтау саласын дамыту мәселесі ерекше бақылауда. Пандемия кезінде аталған жүйе күрделі сынақтан өтіп, саладағы барша олқылықтар айқын көрінді. Өткен жылы 156 ана өлімі тіркеліп, өлім-жітім 2,8 есеге артқан.

– Үкіметке облыс әкімдіктерімен бірлесіп және кәсіби қауымдастық мүшелерін тарта отырып, барлық денсаулық сақтау ұйымдарында инвестициялар жүргізуді тапсырамын. Бұл ретте, босандыру және жансақат бөлімдеріне, олардың медициналық жабдықтармен, дәрі-дәрмекпен, қажетті бұйымдармен қамтамасыз етілуіне басымдық беру керек. Бас Прокуратураға осы мәселе бойынша іріктелген тексеру жұмыстарын жүргізу тапсырылды. Оның қорытындысы бойынша кінәлі адамдарға қатысты шара қабылдау қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бүгінгі жағдайда сабақ алуымыз керек. Пандемияның басталғанына бір жыл болды. Жинақталған тәжірибені ескере отырып, әрекет ету қажет. Үкіметке «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесе отырып, бір айдың ішінде эпидемияға қарсы шараларға теңдестіруге тәсілді қамтамасыз ету мақсатында имундық мәртебе туралы ақпарат қамтылатын QR кодтарды енгізу мәселесін пысықтау жүктелді.

– Әрине, жаппай вакцинациялау дағдарысты еңсерудің нақты әрі жүйелі шарасы болып отыр. Оны сапалы өткізу үшін барлық жағдай жасалуы қажет. Дайындық жұмыстарын зерттеу кезінде вакцинасын сақтауға арналған тоназдықтқш жабдықтарының қажетті көлемі жетіспейтіні анықталды. Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Түркістан облыстарында аса күрделі жағдай қалыптасып отыр. Үкіметке әкімдермен бірлесіп, дайындық жұмыстарын толық қамтамасыз етіп, 1 ақпаннан бастап жаппай вакцинациялауға кірісуді тапсырамын. Отандық вакцинаның тестілеуі оң қорытынды береді деп үміттенеміз. Осы ретте, өзін отандық екпе ектіріміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы оқушылардың білім сапасының халықаралық бағалауына да назар аударып, мектептердегі білім сапасының жүйелі түрде нашарлағанын айтты. Сондықтан бұл салаға түбегейлі өзгеріс керек.

– Бүгінде оқу бағдарламасына жана пәндер енгізу жөнінде ұсыныстар өте көп. Соңғы он жылда 9 пән енгізілген. Білім беру – тәжірибе аланы емес. Мұның бәрі негізгі пәндерге бөлінген сағаттың қысқаруына әкеп соғады. Соның өзінде елімізде оқыту жүктемесі тым жоғары – 67 сағат. Ал Финляндия мен Оңтүстік Кореяда оқыту жүктемесі – 39 сағат, АҚШ-та – 55 сағат. Шәкірттерді оқыту мен басқа да дамыту шараларының арасында тепе-теңдік болуы аса маңызды. Әлемдік үдерістерді ескере отырып, математика, тіл меңгеру және информатика секілді пәндерге ерекше басымдық берген жөн, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қазақстан тарихы және Дүниежүзі тарихы пәндері бойынша бірыңғай оқулық әзірлеп, оны енгізу керек. «Nur Otan» партиясының сайлауалды тұжырымдамасында 2025 жылға дейін жаңа 800 мектеп салуға уәде берілген. Президент осы жұмысқа шұғыл кірісуді және биыл 200 жаңа мектеп салуды тапсырды.

Сондай-ақ, Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы бойынша азаматтардың өтініштерімен жұмыс жасауды қайта жаңғырту маңызды деп санайды. Өтініш берушілермен жұмыс жасаудың сапасын арттыру үшін «Е-өтініш» жаңа ақпараттық жүйесін және «Нәтиже» орталықтарын ашу тапсырылды. 1 шілдеге дейін жүйе барлық мемлекеттік органдарда іске қосылуы тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзінің соңында ең басты міндет – азаматтардың өмір сапасын жақсартып, табыстарын арттыру екенін тағы да атап өтті. Мемлекеттік органдардың әрбір шешімі, әрбір әрекеті экономиканы дамытуға және халық игілігіне бағытталуға тиіс.



Болашаққа сенімді көз тастаған, кемел келешекке көш бастаған, Ұлы өзеннің қос қапталын бойлай орналасқан ажары ашық, жері бай, халқы қонақжай, әсем қаламыз жылдан-жылға қанатын кеңге жайып, жаңарып, жасарып, сәні мен салтанаты келіскен, бүгінгі заманға сай келбетке ие болуда. Қала халқының айнымас бірлігінің, тынымды тірлігінің арқасында экономикасы қарыштап дамыған, әлеуеті артқан шаһарлардың біріне айналып келеді. Біз баршамыз аймағымыздың тағылымды тарихымен, дәстүрімен, сүйікті қаламыздың көркем келбетімен мақтанамыз.

– 2020 жыл адамзатқа төнген жұқпалы кеселден күрделі сипатта есте қалды. Әдетте мұндай сындарлы кезең қайсыбір қала үшін де оңай болмағаны анық. Ендігі кезекте шаһардың көрсеткіштері туралы айтсаңыз...

– Әрине, өткен жыл сындарлы уақыт болды. Алайда, сан саланың дамуына тежеу болған пандемияға қарамай, қаламызда экономикалық тұрақты жағдай қалыптасты. Бірқатар көрсеткіштер бойынша өсу тенденциялары байқалды. Бұл да – ел бірлігінің жемісі. Мәселен, өнеркәсіп өнімдерінің өндіріс көлемі 480 млрд теңгеге жетіп, негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 104,7%-ке орындалды. Облысқа салынған инвестицияның 52,4%-і Қызылорда қаласының үлесінде.

Құрылыс қай кезде де дамуға өлшем болатын көрініс. Айталық, өткен жылы қаладағы құрылыс жұмыстарының көлемі 58 млрд теңгеге жетсе, бұл өткен жылмен салыстырғанда 124,7%-ті көрсетеді. Облыста жасалған құрылыс жұмыстарының 54,5%-і қаланың үлесіне тиеді. Қаржыландырудың барлық көздері есебінен 2020 жылы жалпы ауданы 371 мың 314 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бір жылда 1 500-ге жуық қызылордалық баспаналы болып, 2 мың 380 пәтерлік 52 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде.

Өткен жылы ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің табысы да жоғары болғанын білесіз. Бұл салада жалпы өнімнің көлемі былтыр 9,4 млрд теңгегі құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 102%-ке орындалды.

Ал, шағын және орта кәсіпкерлік дамыту қаланың күн тәртібінен түскен емес. Салыстырмалы түрде айтсақ, облыс бойынша нақты жұмыс жасап тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 47,7%-і Қызылорда қаласының еншісіне тиесілі. «Бизнестің жол картасы-2025» бизнесістің қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы негізінде бүгінгі таңда жалпы құны 6,5 млрд теңгені құрайтын 161 жоба қаржыландырылса, мемлекеттік қайтарымсыз гранттар беру бағыты бойынша комиссия шешімімен құны 56,5 млн теңге болатын 30 тұрғындық жобасы қолдау алды. Әрине, кәсіпкерлікті еңселендіре беру үшін мұнымен шектеліп қалмаймыз. Өйткені, бәсекелестік күшті, ал бәсеке әрқашан ширай түсуімізге негіз болады.

Кейінгі жылдары «Қарапайым заттар экономикасын дамыту» бағдарламасы жаңа қырынан бой көрсете бастады. Өткен жылы жеңілдікпен несиелеу арқылы құны 968,3 млн теңгені құрайтын 13 жоба қаржыландырылды.

Қаланың жол-көлік инфрақұрылымының дамуы кейде өткенді еске салатынын жасырмау қажет. Осыдан он, он бес жыл бұрынғы жағдай қазір өзгерген. Сол өзгерістің оң сипатта әрі қарқынды дамуда шаһарға жаңа шырғай әкелгенін тағы бір Тәуелсіздіктің жемісі деп бағаласақ игі.

Өткен жылдың өзінде республикалық және жергілікті бюджет есебінде 408 көшеге ағымдағы, орташа

1-бет

және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл – үлкен еңбек. Жылды жоғары көрсеткіштермен қорытындылауымызға, өңір экономикасының даму динамикасына оң әсер еткен Ел Президентінің бастамасымен жүзеге асқан «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған «Жол картасы» болды. Бағдарлама аясында бірнеше мәдениет, білім нысандары күрделі жөндеуден өткізіліп, жол жөнделіп, «Тағзым» мемориалы, «Сыр Ана» монументі, «Темір жол» паркі, Назарбаев даңғылы абаттандырылды. Көппәтерлі тұрғын үй аулаларына 30 спорттық және 3 стритбол алаңдары, 68 көшеге тротуар, 70 дана аялдама салынды. Осы жобалар аясында барлығы 5021 жұмыс орны құрылды.

– «Жол картасы» демекші, шын мәнінде қаланың осынша жыл тарихында «дүре тимеген» кейбір тіршілігін жаңадандырып өксеткен бағдарламаның игілігі аз болған жоқ. Талай көше жөндеді, жаяу жүргіншілер жолы салынды. Алда қандай жоспарларыңыз бар?

– Быыл да жол жөндеу жұмыстарының қарқынын бәсеңдетпеуді ойластырып отырмыз. Осы мақсатта жыл басынан 1,7 млрд теңге 51,3 шақырым болатын 94 көшеге қиыршық тас төсеуге бағытталса, оның ішінде 498 млн теңге «Әл-Фараби», «КБІ» және «Бәйтерек» шағын аудандарындағы жалпы ұзындығы 9,2 шақырым болатын 27 көшеге малта тас төсеуге қаралды.

Қазіргі таңда «Нұрлы жер» бағдарламасы арқылы қаламыздағы тұрғын үй құрылысына және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға республикалық және облыстық бюджеттен 5 млрд 548,1 млн теңге бөлінді. Бұл қаржы СПМК-70 және Сырдария өзенінің сол жағалауына 1 мың 290 көппәтерлі тұрғын үй құрылысын облыстық бюджеттен қоса қаржыландыру арқылы жүргізуге, СПМК-70, Жезқазған тас жолы бойындағы 150 гектар жер мен «Шанхай», «Титов», «Әл-Фараби» шағын аудандарының инженерлік инфрақұрылымын жайластыруға бағытталды.

Сондай-ақ, «Нұрлы жер» бағдарламасына сай қаралған 1,6 млрд теңге аз қамтылған көпбалалы отбасыларға 192 тұрғын үй сатып алуға бөлінді. Елді мекендерді ауызсумен қамту және су бұру жүйелерін дамытуға «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша 392 млн теңге қаралса, «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған «Жол картасы» бағдарламасы аясында 5,5 млрд теңге болу жоспарланып отыр. Оның ішінде 4,4 млрд теңге «Бәйтерек» шағын ауданындағы 600 орындық, Қызылжарма ауылдық округіндегі 900 орындық мектептің құрылысын жүргізуге, қаладағы су және көріз желілерін, канализациялық насостық станцияларды қайта жаңғыртуға бағытталатын болады. Сырдария өзенінің сол жағалауынан көгалдағы хокей алаңының құрылысын жүргізіп, Ф.Мұратбаев көшесінде орналасқан «Әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының» бақылау-өткізу пунктін қайта жаңғыртуға, Тасбөген кентінде салынатын денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысына, қалалық Ішкі істер басқармасының Тасбөген полиция бөлімшесінің уақытша ұстау пунктін қосымша бөлме салу үшін әкімшілік ғимаратын қайта жаңғыртуға облыстық басқармалар арқылы 1,1 млрд теңге бөлінді.

Жоспарға сай Қосшыңырау және Талсуат ауылдық округтерінің инженерлік инфрақұрылымын жайластырып, дамытуға «Ауыл – ел бесігі» шеңберінде 351 млн теңге қаржы қаралады деп күтілуде.

Ал Қазақстан Республикасы Ұлттық қор есебінен бөлінген 1,8 млрд теңге қаржы есебінен Сырдария өзенінің сол жағалауындағы Бейбарыс Сұлтан көшесіндегі көпірден бастау алып,

ұзындығы 2,35 шақырымға созылатын жалпы қалалық маңызы бар магистральдің құрылысын жүргізуге 1,1 млрд теңге бөлінсе, Бейбарыс Сұлтан көшесі мен Жібек жолы даңғылын жалғайтын «Қызылжарма» каналына дейінгі магистральдің құрылысын жалғастыруға 294 млн теңге қаралды. Қалған 356 млн теңге қаланың сол жағалау бөлігіндегі саяжай ауданына аудандық маңызы бар көше салуға бағытталды.

Сонымен қатар, қалалық бюджеттегі бос қалдық есебінен Сырдария өзенінің сол жағалауындағы 50 пәтерлік тұрғын үй құрылысына 615 млн теңге, қала тұрғындарының басым көпшілігінің сұрауы бойынша көпқабатты үйлердің аулаларына ойын алаңдарын салуға 175 млн теңге қаржы бөлінді.

Қала әкімдігіне халықтан келіп түскен арыз-шағымдардың басым бөлігінің көпбалалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі екендігін ескере отырып, қалада жеке инвесторлар қаржысына салынып жатқан тұрғын үйлерден 60 пәтер сатып алуға қалалық бюджеттен 276 млн теңге бөлу жоспарланып отыр.

– Бір кездері шетін қалып келген шет аймақ мәселесінің кейінгі жылдары көбесіп сөгіліп, көп еңбектің жасалып жатқандығын білеміз. Халықтың тұрмыстық, мәдени қажеттілігін аз ғана уақытта орындап тастау тағы мүмкін емес. Өйтсе де, «Сабалақ», «Маханбетов», «Наурыз» секілді аудандарға газ қашан жетеді дегенді жұрт өзіңізден білігі келеді...

– Ақсұат ауылдық округін табиғи газбен қамтамасыз етуге мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынып, республикалық бюджетке ұсынылды. Елді мекенді газбен қамтуға қажетті қаражат 5,4 млрд теңгені құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы №375 қаулысымен Қызылорда облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019-2022 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітіліп, Ж.Маханбетов ауылына дейін жоғары қысымды газ құбырын, Ж.Маханбетов және «Наурыз» саяжайы орамшылқ жазе құбырларын салу 2021-2022 жылдарға жоспарланды.

Ал «Сабалақты» гандандыру «Эдельвейс», «Орбита» саяжайларымен қатар 2025 жылға дейін жүзеге асырылады деп жоспарланып отыр.

Айта кетейік, Ақсұат ауылдық округі толығымен ауызсумен қамтылып, жол мәселесі де жыл санап өз шешімін тауып келеді. Мәселен, 2019 жылы 11 көшеге жол жөндеу жұмыстары жүргізілсе, 2020 жылы «Ауыл – ел бесігі» аясында 17 көше, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бойынша 1 көше және жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатқа тағы 1 көше жөндеуден өтті.

«Сабалақта» кезегін күткен мәселенің бірі саяжайды ауызсумен қамту болатын. Бұл мақсатта 2018 жылы арнайы жоба әзірленіп, жобаның І кезеңі аясында ұзындығы 17 шақырым болатын су құбыры жүргізілді. Жобаның ІІ кезеңін жүзеге асыру 2020 жылы жалғасса, 2021 жылға Ұлттық қордан 576,5 млн теңге бөлініп, саяжайды ауызсумен қамту жыл аяғында толығымен жүзеге аспак.

Өткен жылы саяжайды электр желісімен қамтамасыз етуге 93,5 млн теңге қаржы қаралып, аталған аумаққа 6 трансформатор орнатылды. 17,6 шақырым жерге электр желісі тартылды, 488 дана электр бағаналары қойылды.

– Нұрлыбек Машбекұлы, білім саласында үлкен өзгерістер болып жатыр. Қаладағы мектептердің жағдайы жақсы, тәртіп жолға қойылған. Дегенде кейбір білім ошақтарында баланың тығыздығы байқалады...

– Қаламызда халық санының артуына орай, жаңадан бірнеше шағын

аудандар бой көтергендігін жақсы білесіздер. Бұл өз кезегінде білім беру ұйымдарындағы орын тапшылығын жөндеу мәселелерін туындатып отыр.

2020 жылы Жаппасбай батыр көшесіндегі жаңа тұрғын ауданда 600 орындық мектептің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілсе, «Қызылорда-Жезқазған» трассасы бойынан 600 орындық мектептің құрылысы басталды. Жеке инвестордың қаржысына «Саяхат» шағын ауданынан 300 орындық білім ұясы салынууда.

Биыл, осы жұмыстардың жалғасы ретінде Қызылжарма ауылдық округінен 900 орындық мектеп құрылысы жүргізіледі.

Сонымен бірге, «СПМК» және «Арай-3» шағын аудандарынан 600, Сырдария өзенінің сол жағалауынан 900 орындық мектеп құрылысын жүргізу мақсатында жобалық-сметалық құжаттарды әзірлеңіп, мемлекеттік сараптаманың қорытындысын алуға ұсынылды. Тиісті құжаттар толық дайын болғаннан кейін құрылыс жұмыстарын жүргізуге бюджеттік өтінім берілетін болады.

– Өткен жылы Абайдың – 175, әл-Фарабидің – 1150, Ұлық Ұлыстың – 750, Жеңістің 75 жылдығы аталып өтті. Пандемия бұл шаралардың шарықтау деңгейінде өтуіне мұрша берген жоқ. Өйтсе де, осы бір рухани өрлеуге Қызылорда қаласы қаншалықты үлес қосты деп ойлайсыз?

– «Мәдениет ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, ақыл-ойы, парасаты» деп дана халқымыз текке айтпаса керек. Жер бетіндегі өркениетті елдер ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанып, өздерінің төл туындысы арқылы басқадан ерекшелініп жатады.

2020 жыл еліміз үшін де, өңіріміз үшін де айшықты оқиғаларға толы болды. Бүкіл әлемді жайлаған пандемия жағдайына қарамастан, мәдениет саласы өз жұмысын тоқтатқан жоқ. Уақыт талабына сай бейімделіп, түрлі бағыттағы іс-шаралар онлайн өткізіліп келеді. Алтын Орданың – 750 және Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына арналған «Ұлы даланың ұлағаты» атты республикалық ақындар айтысы, қалалық Жастар театры О.Нұрмахановтың «Қалың елім қазғам, қайран жұртым» атты трагифарс спектаклін ұсынып, аталған қойылым халықаралық онлайн байқауда ең жоғары І дәрежелі дипломмен марапатталды. Сонымен қатар, Ұлы ақынның шығармашылығынан «Құлақтан кіріп, бойды алар...» фольклорлық ансамбльдер байқауы, «Абай әлемі – ұлт темірқазығы» атты дилмаз шешендер байқауы және т.б. түрлі бағытта шаралар атқарылды.

Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай қаладағы ардагерлерімізге құрмет көрсетіліп, қала күні аясында «Тағзым» алаңы қайта жаңғыртылды. Жалпықалалықтық қолдау тапқан #МенБатырдыңҰрпағымын атты челленджге қызылордалықтар белсенді қатысты.

Жылдың межелі шағында, яғни, 8 желтоқсан күні Елордада өткен «Абай тапсырмасы – Тәуелсіздіктің тірегі» атты республикалық аламанда айтыстың ақтангері Мұхтар Ниязов үшінші мәрте алтын домбыраны иеленіп, рухымызды серпілті.

– Қаланың астана болған кезінен қалған бірқатар ғимарат бар. Осы тарихи нысандардың сақталуына қаншалықты мән беріліп отыр?

– Ол ғимараттар қазіргі кезде тарихи-мәдени мұра нысандары тізіміне енгізілген, яғни мемлекет қолдауына, бақылауына алынған. Бұған қала әкімдігі ерекше мән беруде. Жалпы, тарихи-мәдени мұра нысандары

тізіміне Қызылорда қаласы бойынша 79 нысан енгізілген. Ал қаланың астана болған кезінен қалған тарихи-мәдени мұра нысандарының саны – 14. Олар – «Айтбай» мешіті, құтқарушы Христос шіркеуі, бұрынғы қыздар приход училищесі болған, қазіргі «Аль-Асад» дүкенінің ғимараты, темір жол вокзалы, темір жол клубы, локомотив депо-сы, қалалық монша ғимараты, бұрынғы облыстық әскери комиссариат секілді ғимараттар.

Бүгінгі таңда олардың келбеті толықтай сақталған. Яғни, белгіленген мерзімдерде жөндеу жұмыстары жүргізіліп отырады. Оған мемлекет бюджетінен қаржы қарастырылады. Жөндеу жұмыстарын тарихи-мәдени мұра нысандарын жөндеуге лицензиясы бар тұлғалар ғана жүргізе алады.

2017 жылы біз белгіліз себептермен қаланың ескі орталығында бұзылып кеткен, Қазақ зиялылары кеңес заманында бас қосып, ұлт қамын ойлаған Орталық атқару комитетінің ғимаратын мұрағатта қалған ескі сызбалар арқылы Сырдария өзенінің сол жағалауын игеру барысында салып, пайдалануға бердік. Қазіргі уақытта аталған ғимаратта мұражай мен «Рухани жаңғыру» орталығы орналасқан. Өткеніміз бен бүгінгіміз осылайша сабақтастық құрса, сол тарихи нысандардың келбетін өзгертпей сақтап қалу және келешек ұрпаққа жеткізу – парызымыз.

– Қаланың дамуы, түптеп келгенде, оның бас жоспарына байланысты. Сол жағалаудың өзі шаһардың жаңа келбетін айқындап берді. Дамудың ендігі дінгеі қалай болмақ?

– Бұл енді қаламыздың даму келешегін айқындайтын басты тірек. Бекітілген Бас жоспарға 2019 жылы өзгерістер енгізіліп, оның аумағы 11 мың гектардан 20 мың гектарға ұлғайды. Қаламыздың шегіне «Бәйтерек» шағын ауданы, бірқатар саяжайлар аймағы енгізілді. Қазіргі уақытта бұл аймақтар даму үстінде.

Бір ғана мысал айтайын, облыс орталығында тұрғын үй құрылысының көлемі 2015 жылы 270 мың шаршы метр болып қабылданса, 2019 жылы 700 мың шаршы метрге жетті. Демек, екі жарым есе көп берілді. Нәтижесінде, қаланың оң жағалауының өзінде 100-ге жуық көпқабатты тұрғын үй пайдалануға берілді.

Құрылыс – бұл тұрмыс. Тұрмысты түзеу үшін жасалып жатқан тапшыныс қаланың қарымын осылай кеңейтіп отыр. Шаһардың жоспарлы дамуын қамтамасыз ету мақсатында Сырдария өзенінің сол жағалауын игеру қолға алынды. Алдымен Сырдария өзенінің үстінен көпір салынып, қана қаладағы алғашқы құрылыстың іргетасы 2017 жылдың мамыр айында түсті. Әуелі 18 көпқабатты тұрғын үйдің, одан әрі жаңа айтып өткен ескі сызбаға сәйкестендірілген бұрыны Орталық атқару комитетінің ғимараты (музей) және 320 орындық балабақшаның кірпіші қаланды. Осылайша, Сырдарияның сол жағалауы сәтті жобаға айналды. Бой көтеріп жатқан ғимараттар халыққа қуаныш сыйлап, қалаға көрік қосты.

Қазіргі өзінде, сол жағалауда 50 көпқабатты үйдің құрылысы жүргізілуде. Газ, электр энергиясы, ауызсу, жылу, көріз жүйелерінің сондай-ақ, көше-жол торабының құрылыстары да қарқынды. Бүгінде сол жағалауда 9 мыңға жуық халық қоныстанып үлгерді. Ал, оларды кәсіпкерлік, әлеуметтік нысандармен қамтамасыз етуде де үлесімдік бар. Балабақша, сауда орындары, «Орда» мектебі, «Жастар орталығы», «Болашақ» университетінің бас оқу корпусы мен жатақханасы қазір халыққа қызмет көрсетіп отыр.

Сол жағалауды «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық дәлізімен байланыстыратын 5 шақырымдық магистральдық жол мен «Шіркеулі» қаналының үстінен көпір салынды. Бұл қатынастың жаңа кезіне айналды. Жалпы, сол жағалауда игеруде үйі өзеннің табиғи ерекшелігі, тартымдылығы ескерілді. Екі жүз жылдан аса тарихы бар Қызылорда қаласы әуелден-ақ дарияның оң жағалауынан орын тепкен. Сондықтан, ірі су артериясының – микроклиматын облыс орталығының сәулетін әрі қарай қалыптастыруға пайдалану көзделді. Мұның орайы кейінгі үш жылда келеді.

Ендігі мақсат – осы қарқынды бәсеңдетпей, ондағы халыққа ыңғайлы өмір суру ортасын қал



БРИФИНГ

ОБЛЫС БЮДЖЕТІ ҚАЙ ДЕҢГЕЙДЕ?

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен кезекті брифингте облыстық қаржы басқармасының басшысы Елена Шаврова өткен жылы атқарылған жұмыстар қорытындысы жайлы айтып берді.

Басқарма басшысының мәліметіне қарағанда, кейінгі бес жылда облыс бюджеті екі есеге жуық өсіп, 181 млрд теңгеден 376 млрд теңгеге жетіп отыр. Оның ішінде республикалық бюджеттен бөлінген трансферт көлемі 2015 жылы 135,8 млрд теңгені құраса, өткен жылы 274 млрд теңге болды. Ал аймақтың өз табысы осы кезеңде 39 млрд теңгеден көтеріліп, 69 млрд теңгеге жеткен.

Спикер хабарлағандай, өткен жыл қорытындысы бойынша облыс бюджетінің түсімі болжамға сәйкес 101,2%-ке, оның ішінде меншікті кірістер 112,9%-ке орындалды. Облыс бюджетіне болжамнан артық түскен меншікті кіріс көлемі 6,9 млрд теңге. Кірістерді барлық жергілікті атқарушы органдар асыра орындаған.

Былтыр облыс бюджеті шығыстар бойынша 98,1%-ке орындалды. Толық игерілмеген қаржы көлемі 7 млрд теңге, оның ішінде

үнемделгені 3 млрд теңгеге жуық. Қалыптасқан үнемдеуді ескере отырып, қаржыны игеру 99% орындалғанын сеніммен айтуға болады.

Өткен жылы жалға беруден облыстық бюджет түсімінің жоспары 29,7 млрд теңге, ал нақты түскені 31,2 млрд теңгені құрап, есепті мерзім жоспары 105%-ке орындалған. 2021 жылдың 1 қаңтарына жалға алушылармен 140 келісім-шарт жасалды.

Шағын және орта бизнес субъектілерін қолдаудың бір түрі – оларды мемлекет мүлкін пайдаланғаны үшін жалдау ақысынан босату. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған Жолдауына сәйкес, орта бизнес субъектілері үшін 2020 жылдың аяғына дейін ШОБ пайдалануы отырған 67 мемлекет иелігіндегі жылжымайтын мүлік бойынша жалдау ақысын есептеу тоқтатылған болатын.

ЖЫЛУ мен ЖАРЫҚ АРЗАНДАДЫ

Қызылордада жыл басынан бері коммуналдық қызмет құны арзандады. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жоламанов мұның басқа аймақтарға қарағанда төмен екенін жеткізді.

– «KEGOC» компаниясы электр энергиясын беру қызметі мен оның жүктемесін көтеру жөніндегі әзірлікті қамтамасыз ету құнын түсірген болатын. Соған байланысты «Дәулетэнерго» серіктестігі тұрғындар үшін – 1916-дан 1880, «Шиелі жарығы» – 17,95-тен 17,40, «Энергосервис» 16,70-тен 16,33 теңгеге дейін кемітті, – деді ол.

Жергілікті халық қаңтардан бері 1 Гкал жылу энергиясы үшін бұрынғыдай 2799,96 емес, 2643,75 теңгеден төлей бастады. Мамандар мұны «Қызылордажылуэлектрорталығы» мекемесі бекіткен тарифтік сметаның ішінара орындалуымен байланыстырады. Тариф пайдаланудың бесжылдық мерзімі биыл аяқталды. Облыстық табиғи



монополияларды реттеу департаменті бүгінде оны қайта қарап жатыр.

Су бұру, сумен, газбен жабдықтау қызметтерінің ақысында әзірге өзгеріс жоқ.

«ҚАЙСАР» ТҮРКИЯҒА АТТАНЫП КЕТТІ

Қызылорданың «Қайсары» 28 қаңтардан бастап Түркияның Анталия қаласында оқу-жаттығу жиынын өткізеді. Жаңа маусымға дайындыққа кімдер шақырту алды? Алдағы доп додасында команда алдына қандай мақсат-міндеттер қойылып отыр? Бұл жөнінде «Қайсар» басшылығы журналистермен өткен брифингте жан-жақты айтып берді.

Футболшылар бүгінге дейін Қызылорда қаласында өткен екі оқу-жаттығу жиынына қатысты. Оған негізінен жергілікті жастар тартылды. Ойыншылардың шеберлік деңгейі таразыланды. Сынаққа шақырылған футболшылардың барлығы жергілікті «Байқоңыр» және «Қайсардың» жастар құрамында тәжірибе жинақтаған.

– Оқу-жаттығу жиындарына шақыртылған 21 ойыншының әрбірін көзімізден таса еткен жоқпыз. Дайындығына, шеберлік деңгейіне назар аудардық. Нәтижесінде 12 футболшыны Түркиядағы оқу-жаттығу жиынына алып баруға шешім қабылдадық. Айта кетейік, алдағы дайындыққа Еуропа, Африканың бірқатар мемлекетінен шетелдік ойыншылар келеді. Онда команданың бес жолдастық кездесуі жоспарланған. Оқу-жаттығу жиыны 2 наурызға дейін созылады, – деді бас бапкер Сұлтан Әбілдаев.

«Қайсар» құрамы 80 процентке жуық жаңарады. Ал бұрынғы құрамнан қалған Марсель Исламқұлов, Иван

Граф, Илияс Әмірсейітов, Думан Нәрзілдаев биыл да команда сапында доп тебеді. Сондай-ақ, Элвин Фортес, Кларенс Битанг, Элгуджа Лобжанидземен келісім-шарт мерзімі ұзартылуы мүмкін. Бұл ойыншылардан өзге қақпашы Нұрымжан Салайдың, қорғаушылар – Елжас Сарбай, Олжас Алтаев, Абылайхан Төлегенов, жартылай қорғаушылар – Данияр Әлімжан, Бекзат Құрманбекұлы, Аян Құлмағанбетов, шабуылшылар – Шоқан Абзалов, Өркен Махан сынақтан өтеді. Шабуылшы Елжас Алтынбеков жарақатына байланысты оқу-жаттығу жиынына кейінірек қосылады.

– Қай кезде де Қызылорда футболы таланттан кенде болған емес. Алдағы жылдарда жергілікті жастар жарқырап шығады деген сенімдеміз. Басты мақсатымыз – олардың шеберлік деңгейін арттырып, үлкен белесті бағындыруына жол ашу. Сол бағытта жүйелі жұмыстар жүргізетін боламыз, – деді «Қайсардың» бас директоры Серік Досманбетов.

«СБ» ақпарат

Сыр елінің біртуар азаматы Оразбаев Орын-басар Тасмағанбетұлының өмірден озғанына 20 жылға жуықтап қалыпты. Қазақта «жақсының аты өшпейді» деген сөз бар, сол сияқты Орекеңнің адамгершілігі, әрбір іске деген тиянақтылығы және әрбір адамға жасаған қамқорлығы туған-туыстары мен ұрпақтарына, әріптестеріне бүгінге дейін үлгі-өнеге. Біз білетін Орынбасар аға «Ленин жолы» («Сыр бойы») газетімен, алғаш құрылған күннен бастап «Ақмешіт апталығы» газетімен, оның бас редакторы Әділхан Бәйменовпен жақсы қарым-қатынаста болды. Әділхан ағамыз да ол кісіні құрметтеді, өзара сыйластығының талай мәрте куәсі болдық. Қаламынан туған өз өлкесіне деген ыстық ықыласқа толы сүйіспеншілігі, елге, жерге деген махаббаты, жылы лебізі әрдайым газет бетінен жиі орын табатын.



Жақсының аты өшпейді

Ол кісі 1937 жылы Сырдария ауданы Қосшыңырау деген жерде дүниеге келіпті. Әкесі Тасмағанбет қайтыс болғанда Орекең Пазика шешесінің құрсағында қалғандықтан дүние есігін ашқанда азан шақырып қойған аты Орынбасар деседі. Ананың тәрбиесінде болғанына қарамастан, жасынан өмірге деген талпынысы ерекше болды, ізденді, көп оқыды. Орта мектепті бітірісімен жедел курстық дайындықтан өтіп, Қарауылтөбе тәжірибе күрші егу стансасында тракторшы болып алғаш еңбек жолын бастады. Өсе келе өмірге деген көзқарасы айқындалып, Қызылорда педагогикалық институтының тарих факультетін таңдады. Талабы арқасында ішкі істер органының милиция қатарына қызметке орналасты. Қалалық учаскелік инспектордың көмекшесінен бастап облыстық ішкі істер басқармасының аға тергеушісі лауазымына дейін көтерілді. Ұзақ жылғы қызметтің салқыны болды ма, науқастанып, капитан шенімен зейнеткерлікке шықты.

Орекеңнің қызметтегі алғырлығы ішкі істер басқармасы басшылығының атынан ескеріліп, Мәскеудегі тергеушілер дайындайтын курсқа оқуға жіберіледі. Оны ойдағыдай тәмамдап келгеннен кейін басшылық бірауыздан сол кезде дүрілдеп тұрған ОБХС-қа қызметке ұсынады. Сонда Орекеңнің ниетінің, болмысының соншалықты тазалығы сол, әлдекімдер ақша беріп, тыныспен бастарын сұға алмай жүрген ОБХС-тан бас тартып, өзінің тергеушілік қызметін жалғастыра береді.

Ж.АЛМАХАНҰЛЫ

Мұнай өнімдерін жеткізіп беруші кәсіпкерлік субъектілерінің назарына!

Облыстың ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін (бұдан әрі – АШТӨ) мемлекет тарапынан қолдау мақсатында көктемгі дала және күзгі егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Энергетика министрілігінің тарапынан кепілді бағамен арзандатылған дизель отыны бөлінеді.

Қазіргі таңда 2021 жылдың көктемгі дала жұмыстарын жүргізу мақсатында бөлінетін арзандатылған дизель отынын облыстың АШТӨ жеткізіп беруші операторларды белгілеу жұмыстары жүргізілуде.

Бұл ретте, дизель отынын жеткізуші операторлыққа ұсыныс білдіретін кәсіпкерлік субъектілері Қазақстан Республикасының «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 17-бабының 2-тармағына сәйкес, келесі критерийлерге сай болу қажет:

- Мұнай өнімдерін жеткізу қызметі саласында жұмыс өтілі бар;
- Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде мұнай өнімдерінің базасына немесе резервуарға иелік ету.

Хабарландыру

«Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалы. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, А.Құнанбаев көшесі ІН ғимараты. Реттеліп көрсетілетін қызметтің түрі: суды магистралдық құбырлар мен таратушы желілер арқылы, суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суды бұру қызметтері. «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-26 баптарына сәйкес, «Нұра топтық су құбыры» РМК «Арал» СЖКБД филиалы 2020 жылдың қорытындысы бойынша тұтынушылар алдында есепті тыңдауды 2021 жылдың ақпан айында төмендегі кестеге сәйкес өткізетіндігін хабарлайды.

№	Өндірістік бөлімшенің атауы	Өтетін мерзімі	Өтетін орны
1	Октябрь топтық су құбыры өндірістік бөлімшесі	22 ақпан күні сағат 10.00-де	Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Қорқыт ата көшесі №1 (кент әкімі аппаратының мәжіліс залы)
2	Қармақшы ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	22 ақпан күні сағат 15.00-де	Төртатаман кенті, Мұратбаев көшесі №16 (Төртатаман кенттік клубы)
3	Төртатаман кенті, Ақай ауылдық округінің оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	22 ақпан күні сағат 15.00-де	Төртатаман кенті, Мұратбаев көшесі №16 (Төртатаман кенттік клубы)
4	Жиделі топтық су құбыры өндірістік бөлімшесі	23 ақпан күні сағат 10.00-де	Шиелі кенті, А.Байтұрсынов көшесі № 13
5	Шиелі ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	23 ақпан күні сағат 10.00-де	Жанакорған ауданы, А.Иманов көшесі №112 а («Ордакент» ардагерлер және жастар ресурстық орталығы)
6	Жиделі топтық су құбырын пайдаланушы Жанакорған өндірістік бөлімшесі	23 ақпан күні сағат 15.00-де	Жанакорған ауданы, А.Иманов көшесі №112 а («Ордакент» ардагерлер және жастар ресурстық орталығы)
7	Жанакорған ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	24 ақпан күні сағат 10.00-де	Сырдария ауданы, Тереңөз кенті, Қонаев көшесі №29
8	Сырдария ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	24 ақпан күні сағат 10.00-де	Сырдария ауданы, Тереңөз кенті, Қонаев көшесі №29
9	Жалағаш ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	24 ақпан күні сағат 15.00-де	Жалағаш кенті, Мырзаліев көшесі № 24
10	Қызылорда қаласы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	25 ақпан күні сағат 10.00-де	Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Абай Құнанбаев көшесі №1Н ғимараты
11	Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры өндірістік бөлімшесі	26 ақпан күні сағат 10.00-де	Арал қаласы, Ә.Байтаханов көшесі № 2
12	Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесі	26 ақпан күні сағат 15.00-де	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Р.Бағланова көшесі № 215 6
13	Қазалы ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесі	26 ақпан күні сағат 15.00-де	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Р.Бағланова көшесі № 215 6

(БСН 191041027733 24.10.2019 ж.)

Жоба

«Қызылорда облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы»

«Қазақстан Республикасының Су кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Кодексінің 38-бабының 5) тармақшасына, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 569-бабына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 5-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ

ҚАБЫЛДАДЫ:

- Қызылорда облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін қосымшаға сәйкес белгіленсін.
- «Қызылорда облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін қосымшаға сәйкес белгіленсін.

ша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 16 қаңтардағы №359 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6937 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін эталондық бақылау банкіінде электронды түрде 2019 жылғы 24 қазанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихаты

Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы

Қызылорда облыстық мәслихатының 2021 жылғы «__» №__ шешіміне қосымша

Қызылорда облысы бойынша жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері			
№	Сырдария өзені және Арал теңізі бассейнінде арнаулы су пайдаланудың түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері, теңге
1	Тұрғын үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	1000 текше метр	150,0
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын	1000 текше метр	424,7
3	Ауыл шаруашылығы	1000 текше метр	117,7
4	Су көздерінен су алатын тоғандық шаруашылықтар	1000 текше метр	117,7
5	Су энергетика	1000 киловатт сағат	-
6	Су көлігі	тонна шақырым	16,2

Бизнесті қорғау – біздің міндетіміз

Карантин кезінде кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау бағытындағы қадағалау жұмыстары мемлекеттік органдар тарапынан бизнеске заңсыз араласуды болдырмауға, аймақтағы бизнес ахуалды жақсартуға, әкімшілік кедергілерді анықтауға бағытталды.

Былтыр облыстық прокуратура органдары 240 кәсіпкердің құқығын қорғап, мемлекеттік органдардың 18 актісінің күшін жойса, 32 мемлекеттік қызметкер тәртіптің жойса, 1 лауазымды тұлға әкімшілік жауапқа тартылды. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі мобилдік топтардың жұмысы күшейтілді. Топтардың жұмысын, шағым беру тәртіптері мен сенім телефондары туралы мәліметтерді прокуратураның, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ресми сайттары мен әлеуметтік желідегі парақшаларынан табуға болады.

Өткен жылы мобилдік топтарға кәсіпкерлерден 13 арыз-хабарлама түсіп, бірқатар заңбұзушылықтар анықталды. Мысалы, карантин мерзімінде бір ауыл әкімі дүкендердің жұмыс істеу уақытын заңсыз шектеген. Бұл факт бойынша ауыл әкімі Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 173-бабымен (лауазымды адамдардың кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласуы) әкімшілік жауапқа тартылды.

Облыстық прокуратураның наразылығына сәйкес облыстың бас мемлекеттік сәниетариялық дәрігерінің екі қаулысына өзгерістер енгізіліп, көптеген кәсіпкерлік субъектілеріне белгіленген жұмыс уақыты бойынша шектеулер алынып, жекелеген бизнес субъектілерінің жұмыс уақыты азартылды. Жауапты мемлекеттік органдар тарапынан шешім таппаған кәсіпкерлердің мәселесі қаралып, құқықтары қорғалды.

Мысалы, жеке кәсіпкер Д.Құдайберген мемлекеттік сот орындаушысы 01.07.2019 жылы өткізген аукционның қорытындысымен қала орталығынан 4863 шаршы метр жер учаскесін сатып алған. Аталған учаскеде Қызылорда қаласының

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолашушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің теңгерімдегі жеңіл конструкциялы футбол алаңы орналастырылуына байланысты кәсіпкер жастарлаған құрылысын сала алмаған. Қалалық әкімдікке арыз-даңғанымен, нәтиже болмаған. Аталған мәселе облыстық прокуратурада өткізілген кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі кеңестің отырысында қаралып, нәтижесінде футбол алаңы бұзылып, мәселе шешімін тапты.

Бұдан бөлек мемлекеттік органдар жеке кәсіпкерлерге қатысты жүргізген 7 заңсыз тексеруді анықтады. Мысалы, тексеру жүргізуге уәкілеттілігі жоқ тұлға (қалалық кәсіпкерлік бөлімінің штаттан тыс маманы) мораторий талаптары бұзып, негізсіз тексеру жүргізіп, заңсыз әкімшілік айыппұл салған. Талдау нәтижесімен заңсыз актілердің күші жойылып, кінәлілер жауапқа тартылды.

Өңірдегі бизнестің жүйелі проблемаларын талқылап, оларды шешу мақсатында облыс прокуроры бизнес өкілдерімен екі кездесу өткізді.

Аймақтағы белсенді кәсіпкерлердің пікірлерін ескеріліп, бизнесті қорғауға байланысты нақты іс-шаралар жоспары жасалып, Жол картасы әзірленді. Жол картасына кәсіпкерлер жиі кездестіретін ең өзекті проблемалар енгізілді. Мысалы, карантин талаптарының сақталуына бақылау жасайтын мониторингтік топтар қызметін талдау, жер учаскесінің нысаналы мақсатын кәсіпкерлікке өзгерту, мемлекеттік сатып алу барысында мемлекеттік органдар тарапынан шарттарға көп қорық созылаңға салу, орындалған жұмыстарды қабылдамау және т.б. туындайтын әкімшілік кедергілерді анықтап жою. Осы жылы да кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстар жалғасады.

Облыстық прокуратура

Достыққа берік жан едің



Адамзат баласы үшін өмірдегі кастерлі ұғымдардың бірі – достық. Осынау баға жетпес қасиетті бойына сіңіріп, әркез бізбен бауырдай сыйласып жүрген жандардың бірі – Сәрсенбай Оспанұлы Айдиханов болатын. Досымыз 2020 жылдың 23 желтоқсанында арамыздан мәңгілікке алыстап, бақилық сапарға аттанып кете барды.

Ол 1961 жылы 22 наурызда Тасбөгет елді мекенінде дүниеге келген. 1978 жылы №11 қазақ орта мектебін бітіргеннен кейін Қызылорда ДОЗ ме-

кемесінде ұзақ жылдар бойы ағаш ұстасы болып жұмыс атқарды. 2000 жылдан өмірінің соңына дейін "Қызылорда металл" мекемесінде еңбек жолын жалғастырған.

Ақжарқын мінезімен, ақкөңіл болмысымен арамызда дараланып тұратын жанның азаматтығын айта берсек таусылмайды. Қуанышымызға бізден бетер қуанып, қайғымыздың салмағын қатар көрген қадірліміздің осындай ерекше болмысы бізді сәгындырады. Аман қанша, ендігі жерде қимасымыздың көрмеген қызығы мен жасамасаң жасын артында қалған заңымыз. Тәйла мен ұлы Азамат, қайы Жансаға берсін.

Досым менің кереметтей жан еді, Таза мінез, жүзінде нұр ойнаған. Жайма шуақ уақыттарда қалжыңдап,

Әзіл айтып көңіл сөзін сыйлаған. Кете бардың арамыздан себепсіз, Жатқан жерін жайлы болсын

демекпіз, Қия алмай көп достарың қиналды, Қимастың көз жасың да тиялмай.

Марқұм Сәрсенбай досымыздың иманы жолдас, жаны жәннатта болғай.

Сыныптас достары

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алтын Қамба» АӨК» ЖШС Қызылорда қаласы аумағында орналасқан әлеуметтік дүкендерді жалға беруаде. Толық ақпаратпен «АЛТЫН ҚАМБА» <https://altynkamba.kz/ru/> ресми интернет сайтында танысуға болады.

Жарамсыз деп есептелсін

Султанбаев Абдиқарим Түлетовичтің атына Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінен берілген зейнеткерлік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Досжанов Жаңымбек Нұрсенсич (лицензия №0000101



ӨЗЕКТІ

Қазір немерелерімізбен мультфильм көретін болдық. Біздің балалық шағымыздағы «Ну, погоди!», «Чебурашка», «Маугли», «Винни-Пух», т.б. мультфильмдерімен салыстыруға да келмейді.

Балаңыз қандай мультфильм көріп жүр?



Бала кезімізде қазақ мультфильмдері өте аз болатын, тек 1966 жылы шыққан «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» атты қазақтың тұңғыш мультфильмінен басқаға көңілім толмайды. Ол дүние жүзіндегі 40-тан астам елінде көрсетілді. 1968 жылы Ленинградта өткен Бүкілодақтық кинофестивальде 3-орын алды, 1975 жылы Нью-Йорктағы мультфильмдер фестивалінде «Қола Праксиноскоп» жүлдесіне ие болды. Авторы қазақ анимациясының негізін қалаған, Мемлекеттік және «Тарлан» сыйлығының иегері, соғыс ардагері 2015 жылы тоқсан деген торкалы жасында қайтыс болған Әмен Қайдар еді.

Қазіргі қазақ балалары «Алдар көсе», «Қаңбақ шал», «Қырық өтірік», «Құйыршық», «Құрылысшы Қожанасыр», «Аппамыс батыр», «Қобыланды батыр», т.б. мультфильмдерді көрмейді. Қызықпайтын себебі, оқиға желісін автор түсіндіріп айтты тұрады, кейіпкерлерін арасында сөйлестіріп қояды, екіншіден, жай қозғалады, қимылдары ебедейсіз. Ертеректе түсірген «Алдар көсе» мультфильміндегі кейіпкердің басындағы бөркі денесінен екі есе үлкен, құбыжыққа ұқсайды. Соңғы уақытта шыққан «Алдар көсе» мультфильмінің сорпасы қазаққа келіпкірмейді, себебі режиссер Харту Клаус түсірген. Алдар көсе шалыққа жақын кейіпкер емес, суайт әрі озбыр болып шыққан сияқты, бұл, әрине, жеке пікірім.

2010 жылы ашылған «Балапан» телеарнасы жүз процент қазақ тілінде, бағдарламаларының да сапасы жылдан жылға артып келеді. «Мики Маус клубын» көрген 4-5 жастағы бала оқиға желісіне қызығып, онға дейін санауды үйренеді. Ал қазақша мультфильмге қызықпайды, ондаған арнадағы шетелдік мультфильмді көреді. Балалар мен немерелердің көретіні бір-бірін қуып қолдағы кездескеннің бәрін қирататын «Том мен Джерри», әркіммен қақтығысып ұрысып жүретін «Спанч Боб», бәрін қыратын «Кунг-фу панда», аюдың тілін алмайтын қаршадай қырсық қыз Маша. Қазір кез келген мектеп оқушысынан сұрасаңыз, Шрек пен Спанч Бобты, Дора мен Дигоны, Бэтмен мен Жарланы өзінің туысқанындай танып, оқиға желісін аузының суы құрып айтып береді. Бұл мультфильмдерден немерелеріміз

Бақытжан ТҮМЕНБАЙ, тарих пәні мұғалімі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ОЙСАЛАР

Атың өзгермесін...

Балаға ат қою өмірде бір-ақ рет болатын ұлы рәсім әрі сүннет амалдың ең мүкәммәл берігі. Қазақ халқы бұл рәсімге аса құрметпен, бірақ сақтықпен қараған. Он ойланып, мың толғанып, бір ұйықтап, бір түс көріп, тіпті, аянмен балаға нәм берген. Ат қоюда халқымыздың даналығы бірінші орында болған. Қазыққа байланған ат іспеттес, балаға арнаған есімге оның тағдырын, келешегін, болашағын байлаған. Әлбетте, ол дәуірдегі ат қоюшы ата-әжелердің ақ баталы имани есімдері бүтін бір елге заң болған, қарсылықсыз бірауыздан құптаған. Қазірде ол заңдылық артта қалып, ат қою рәсімі заманауи әке мен анаға өткен. Бөгдеге еліктеуден болар, есімінің мағынасын ел түгілі, өздері де түсінбей жатады.

Бүгінде азан шақырылған есімді ауыстыру сәнге айналды. Жалпы, есім өзгертуді адам өміріндегі құбылысты бұрылыс деп санауға болады, яғни, тағдырды басқа арнаға бұру. Уақытысында дұрыс есім берілмесе немесе ұялып ыңғайсыздығы туындаса, есімін өзгерту ықтияры, әрине, дұрыс. Оның өзі қандай жағдайда, мәселен мұсылман балаға өз дәуірінде қандай да бір халыққа зұлымдығы өткен дінсіздің есімі білместікпен берілсе ғана есімді өзгерту міндет болып табылады. Ал, қазіргі қазақ есімдерді өзгертуді, оны арабшаға ауыстыру не болмаса арабша тіркемелерді есімнің алды-артына тіркеу, болмаса шетел тіліне ыңғайлау құр әуешілік.

Ғасырлар бұрын қазақи дәстүрдегі аталарымыз балаға есім беруде екі нәрсеге тірелген. Мәселен, қай руға тиесілі екендігін білдіретін яғни Жалайыр болса, Жалайыри есімдері Наймани, Қыпшақи деген тіркемелерді қосқан. Екіншісі туған жеріне қарай Түркістанды мекендесе, Түркістани, Әл Фараби дегенді тіркеген. Бүгінде дәл осы «ал» мен «и» дегенді тіркеу жөнсіз. Себебі, бұл – үлкен еңбек сіңірген, тарихқа есімдері ойылып жазылған әрі иман мен исламның туын көкке көтерген, өздері батыл, сүйектері асыл, сөздері ақыл, есіміне лайықты ғұмыр кешкен,

атына заты сай, хат қалдырған аталарымыздың үрдісі. Ал, бүгінгі қазақи әдемі есімін қанағат тұтпаған еліктеушілер осы үрдісті жалғастыруға, ең болмаса, рухани дайын ба? Еліктемесін демеимін, еліктесін. Алайда, ислами тұрғыда Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың көзін көрген яғни жанында бір күнін өткерген рухы мықты сахабаларға, үлкен табиғиндерге, тіпті пайғамбарға, одан бергі қазақтың небір-небір ғұламаларына еліктегісі келсе, алдымен олардың өмірімен таныссын, сосын иманға келсін, одан кейін білімге ұмтылсын, қала берді мінезін түзесін, арасында ағайынмен тату болсын, барынша қоғамға сыйымды болсын. Міне, сонда ғана бүгінгінің мүмін Ибраһими, діндар Әбу Ханифасы, ғалым әл Фараби, Ахмед Яссауи, ақын Абайы бола алады. Ал, «өзім білем» мен «өз еркімге» салынып, ұлылардың есімімен істейтіні күнә, айтатыны жаман сөз, баратыны клуб, шығатыны зина болса, онда оның кім болғаны?

Есімнің тағдырға берер өзіндік пайдасы мен ықпалы бар. Сондығынан, бабаларымыз ұлылардың жолына салу үшін, ұрпағына кітапқа қарап пайғамбарлар есімін, тарихқа қарап батырлар, жыраулар, ақындар есімдерін ниеттеген. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың өзі «Балаға ат қоюда мұқият болыңдар, көр-

кем есім беріңдер» демеді ме? Бұл бекерден-бекер емес! Керек десеңіз, есім зерттейтін антропонирика ғылымы да осы ұлы сөзге сүйенеді. Адам есімі неғұрлым көркем болған сайын, адамның өзі де көрікті, өмірі де көңілді болады делінеді.

Ел ішінде пайғамбарлар есімі балаға ауыр болады деген сәл қате ұғым бар. Негізінде, пайғамбарлар есімімен аталған балаға ұрсып, жекуде ата-анаға ауыр тимес үшін, шариғат тіркемені қарастырады. Мәселен, Ибраһим есіміне Абайды тіркеген. Осы тіркемемен біздің данышпан Абай атамыз әлі күнге жадымызда. Бұдан басқа, жәннатпен сүйіншіленген он сахабаның бірі Сағд ибн Әби Уаққастың есімін аталауымыз Садуақас деп ана тілімізге ыңғайлаған. Мұхаммедті Махамбет, Ибраһимді Ыбырағым, Хасан Хусейнді Асан мен Үсен, Айшаны Қайша, Фатиманы Батима деп есімдеген. Негізінде, ат қоюда мен осы екі нұсқаны ұсынар едім. Ал, енді осындай тіркессіз балаға Мұхаммед есімі берілсе, Мұха деп, Ибраһимді Ибо деп ойнап та, қалжыңсыз да қысқартуға болмайды. Жалпы, қазақ болып туылып, мұсылман болып қайтамын деген ниеттегілерге айтарым, жақсылап ұғыныңыздар, қазақи есімдеріңіз өздеріңізге Құдай берген құт, өйткені, бұл өз қаныңыздан тараған өзек. Мұсылмандық есімде емес, жүректе, иманда, мінезде. Қазақтың көзден, сөзден, тілден қорғаныш есебінде аталған Қиым, Итаяқ, Жаманбала, Сасықбай, тіпті Көгітбар мен Майкөтендер де бұ дүниеде мұсылмандықтан жиренбей, иманмен өткен. Ендеше, өзімізді өзегімізден теппейкіші, ағайын!

Нұрлан қажы БАЙЖІГІТҰЛЫ, дінтанушы, имам

КЕШ

Облыстық тарихи-өлкетану музейінде айтыскер ақын, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязовпен кездесу өтті. «Айтыстың ақтаңгері» атты кешке музей қызметкерлері, «ORDA» жоғары колледж студенттері, №9 мектеп оқушылары қатысты.

Ақын – қоғам тамыршысы



Шараның мақсаты айтыс өнерінің қоғам өмірімен байланысын, эстетикалық, рухани байлығын және маңызын түсіндіру арқылы жастардың қазақ музыкасына, өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру.

– Қазақтың айтыс өнерінің бар құдіретін бойына сіңірген, шашасына шаң жұқтырмай дара келген Мұхтар – Сыр елінің ғана емес, Тәуелсіз Қазақстанның айтулы ақыны. Осы республикалық айтыс басталған 2012 жылғы алғашқы «Алтын домбыра» иегері де Мұхтар болуы біз үшін үлкен мақтаныш. Ол үшінші рет жеңіске жетіп, «Алтын домбыраны» Сыр еліне әкеліп, өнер ордасы екенімізді тағы бір дәлелдеп берді, – деді облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Көзейбаев.

Шара барысында қатысушылар түрлі сұрақтарына жауап алды. Әсіресе, жастарды ақтаңгер ақынның шынайы да тұшымды жауаптары қызықтырды.

Гүлжанат КАДЫРБЕКОВА, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 4-курс студенті

АРТРИТ? АРТРОЗ? ҚАШАНҒЫ ТӨЗУГЕ БОЛАДЫ?!

Қазіргі уақытта адамдарда тірек-қимыл аппаратының аурулары, артрит және артроз жиі кездеседі. Әсіресе, егде жаста – ағзаның ресурстары әлсіреген, сүйек және шеміршек тінінің регенерациясына қажетті аминқышқылдары, витаминдер мен минералдар жетіспеген кезде, быын аурулары ерекше қауіп төндіріп, белең ала бастайды.



Артрит және артроз көбінесе жамбас-сан, тізе, тобық-табан буындарына, омыртқа мен қолдың білезік буындарына әсер етеді. Дәдетте, бұл түрлі сыпаттағы аурулармен, қимыл-қозғалыстың қиындауымен қатар жүреді және емделмеген жағдайда шеміршек пен сүйек тінінің семуіне әкеледі.

Ең әуелі бұл асқынбалы ауру екендігін үйі керек, оны емдемеген жағдайда, науқастың мүгедек болып қалуы ықтимал. Сіз маманның көмегіне дер кезінде жүгінсеңіз, сауығып кету мүмкіндігіңіз соғұрлым көп болады.

Біз артрит және артрозбен күресу үшін буындардағы жалғастырушы және шеміршек тіңдерін қалпына келтіріп, қабыну процестерін жеңілдетіп, сүйектің тығыздығын арттырып, синовиалды сұйықтықтың өнімділігін белсендіретін табиғи парафармацевтикалық «Артрозерв» препаратын қолдануды ұсынамыз.

«Артрозерв» буындардағы қолайсыздықты және ауырсынуды жоюды, қабыну процесін басады, сондай-ақ сүйекті үйкелістен сақтайтын майлаушы материал – синовиалды сұйықтықты өндіруге белсендіріп, шеміршек тінінің илгіштігін және көлемін қалпына түсіреді. «Артрозерв» ағзаның сүйек-

бұлышкет жүйесінің өзара әрекеттесуін күшейте отырып, бұлышкет талшықтарының қуаты мен көлемін арттыратыны аса маңызды.

Препараттың құрамына тірек-қимыл аппаратына кешенді қалпына келтіру әсерін беретін компоненттер кіреді, жұрты қабылданғаннан кейін, буындардың қозғалыштығы және адамның физикалық мүмкіндіктері қайтып оралады.

«Артрозерв» қажетті сынақтардың барлығынан өтіп, отандық және халықаралық құжаттармен мақұлданды. Сондай-ақ, біздің мамандар басқа да ауруларға арналған курстық бағдарламаны таңдап бере алады. Орталығымыз инновациялық, еуропалық және бадыс препараттарын қолданады, олар жақсы нәтиже көрсетеді. Сіз оларды біздің орталығымыздан, Алматы қ., Абай даңғылы 151 мекенжайындағы, «Алатау» Бизнес Орталығынан сатып ала аласыз және ТМД-ның кез келген жеріне күрерлік жеткізілімге тапсырыс бере аласыз.

Негізгі әсер етуші заттар: препарат құрамына химиялық құрауыштар кірмейді. Мөлшері және қолдану тәсілі: қарындау уақытығы 1 айдан бастап. Қарсы көрсеткіштері: жеке құрауыштардың сәйкес келмеуі, жүктілік, бала емізу.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУҚАН ЖҮРУДЕ! АРТРОЗЕРВ КУРСТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТАПСЫРЫС БЕРСЕҢІЗ -30% ЖЕҢІЛДІК!



ББК дәрінің өміні болып табылмайды. СТР № RU: 77-99.88.003.E.004174.09.18 20.09.2018 ж.

Мына телефон бойынша тірек-қимыл аппараты аурулары жөнінде кеңес ала аласыз және «Артрозервке» тапсырыс бере аласыз 8 705 92 55 424 немесе artrozerve.kz сайты арқылы.

ПРОСТАТИТ, АДЕНОМА, НЕСЕП ШЫҒАРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ БҰЗЫЛУЫ, БЕЛСІЗДІК?! КӨМЕК ЖАНЫҒЫЗДА!

Простатит, қуықасты безінің аденомасы, несеп шығару қызметінің бұзылуы, эректильді дисфункциясы орта есеппен әр үшінші ер адамда кездеседі. Бұл ауру көбінесе жас ұлғайған кезде, ағзаның қорғаныш қасиеті әлсірегенде, гормондық теңгерім бұзылғанда, несеп шығару-жыныс жүйесі мүшелерінің регенерациялануы нашарлағанда белең алады.

Простатит және қуықасты безі аденомасы жежелі де, екеуі бір негізінде де қатар жүре алады. Бұл екі ауру әртүрлі себептермен пайда болады, бірақ ұқсас асқынбаларға әкеліп соғады. Оның себебі мынада.

Простатит 95% жағдайда созылмалы, жұқпалы емес ауру түрінде кездеседі. Көбінесе оның пайда болуы зиянды әдеттерге, суық тигізуге, кіші жамбас мүшелеріндегі қан айналымының бұзылуына, сирек немесе бей-берекет жыныстық қатынасқа түсуге байланысты болады. Қуықасты безі қабынын, ісініп, осы арқылы өтетін несеп жолы арнасын қысып тастайды. Соның салдарынан зәрдің шығуы тежеліп, дәретханаға барғысы келу жиілейді. Мұның барлығы ыңғайсыздық пен шап бөлігіндегі ауырсынуға ұласты. Уақыт өте келе жыныстық қызметтің бұзылуы, жыныстық әлсіздік пайда болады.

Қуықасты безінің аденомасы гормоналды бұзылулар нәтижесінде пайда болады. Ерлер гормоны – тестостеронның азаюы және ағзада эстроген – аял гормонының артуы қуықасты безінің ісінуіне ұшыратады. Ол, өз кезегінде, простатит сияқты зәр шығаруды ұқсас ауытқуларын өрісітіп, несеп жолы арнасын қысыды, жыныстық бұзылуы және әртүрлі сыпаттағы ауырсынударды тудырады.

Емделмеген жағдайда, бұл аурулар асқынғи, отадан басқа ем-шара көмектесе алмайтын, қайтымсыз сыпат қабылдауы мүмкін. Сондықтан, сіз несеп-жыныс жүйесінің жұмысында мұндай ауытқуларға тап болсаңыз, тез арада маманнан көмек сұраңыз.

Осы урологиялық ауруларды емдеу үшін біз көптеген дәрілер мен ем-шараларға қарағанда, ауру белгілерін алып қана қоймай, несеп-жыныс жүйе-

сінің мүшелерін әртүрлі аурулардан жылдар бойы сенімді қорғап алатын, дертінң түпкі себебін жоюын, «Уропротектор» препаратын пайдалануды ұсынамыз.

Бұл – кешенді препарат. Оның әсері қабынуды және қуықасты безінің ісінуін жорқа, несеп-жыныс жүйесінен ауру тудыратын бактерияларды шығаруға, зәр ағуды қалпына келтіруге бағытталған.

«Уропротектор» препаратын қолдануың бірініші сатысында-ақ ыңғайсыздық, шап аймағындағы ауырсыну, ұрпа арнасындағы шаңшу жоғалады. Одан әрі кіші жамбас мүшелерінде қан айналымы жақсарды, қуықасты безі мен қуықаның икемділігі қалпына келтіріледі, ауран келін олар өз қызметтерін толық орындай бастайды. Сондай-ақ, препарат гормоналды тепе-теңдікті қалпына келтіре отырып, еркектердің басты гормоны – тестостерон өндірісін ынталандырады. Осының есебінен, қуықасты безі аденомасының дамуын тойтарады және эрекцияны күшейтеді.

«Уропротектор»-простатит, қуықасты безінің аденомасы, зәр шығарудың бұзылуы, эректильді дисфункциясын емдеуде жақсы сыпаттамаларға ие болады. Сонымен қатар, «Уропротектор» компоненттері, ағзадағы бас радиациялардың санын тиімді түрде төмендетеді, сол арқылы простата обырынын пайда болуы мен дамуынан қорғады.

Турасын айтқанда, бұл ерлердің көптеген урологиялық проблемаларына көмектесетін құралы құрал!

Препарат барлық қажетті сынақтардан өтіп, отандық және халықаралық сертификаттармен мақұлданды. Кез келген жаста салауатты, белсенді жыныстық өмірден бас тартпаңыз!

Мына телефон арқылы кеңес ала аласыз және «Уропротекторға» тапсырыс бере аласыз: 8 705 92 55 429 немесе uroprotector.kz сайты арқылы.



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.
Жариялымыдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Ғ, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.